

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 31 (942) 14 шілде, 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

• Құттықтаймыз!

ТРАКТОРШЫ ӘЖЕ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ АТАНДЫ

Облыстық мәслихаттың кезекті төртінші сессиясы өтіп, онда бірнеше мәселе қаралды. 2022 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы облыс әкімінің орынбасары Сәтжан Аблалиевтың, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы Қайрат Сейітқожаевтың есептері тыңдалды. Сессия жұмысына облыс әкімі Айдарбек Сапаров қатысты.

Баяндамашылардың айтуынша, жергілікті бюджеттің негізгі бөлігі республикадан түседі, былтыр оның мөлшері жалпы түсімнің 70,8 пайызына немесе 312 млрд. 115,5 млн. теңгеге жеткен. Облыстық бюджет барлығы 440 млрд. 969,9 млн. теңгеммен толыққан. Бұл 2021 жылға қарағанда 53 млрд. 484,8 млн. теңгеге артық. Меншікті кірістер мөлшері – 47 млрд. 337,4 млн., теңге. Өкінішке қарай 2 млрд. 409,9 млн. теңге игерілмей қалған. Олардың арасында М.Қозыбаев атындағы университеттің оқу-зертханалық корпусы, “Жас өркен” шағынауданында тұрғызылып жатқан, бір ауысымда 250 науқасты қабылдауға шақталған емхана, “Еленовка – Арықбалық – Чистополье – Есіл” бағытындағы көпір құрылыстары бар.

2021 жылмен салыстырғанда әлеуметтік салаларға жұмсалған қаржы 31 млрд. 849,1 млн. теңгеге артқан. Атаулы әлеуметтік көмек 8914, кепілді әлеуметтік пакеттер 2388 адамға төленген. “Денсаулық сақтау” бағдарламасына 10 млрд. 688,7 млн. теңге бағытталып, 200 медицина жабдығы, 15 автокөлік сатып алынған. 6 нысанға күрделі жөндеу жүргізілген. Білім беру саласына 125 млрд. 474 млн. теңге жұмсалып, 2,5 млрд. теңгеге білім ошақтары қалпына келтірілген. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға 1 млрд. 691,7 млн. теңге бағытталған.

“Ауыл – ел бесігі” жобасын жүзеге асыруға 6 млрд. 967 млн. теңге қарастырылып, 47 әлеуметтік инфрақұрылым, 7 тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектісі, 26 көлік инфрақұрылымы жаңартылған. Ауыл шаруашылығына 93 млрд. 613,8 млн. теңге бөлініп, 8 тауарлы-сүт фермасы салынған, 6274 бас сиыр, 14 мың бас Шопан ата түлігі сатып алынған. Жылдық қуаттылығы 6,5 мың тонналық 2 құс фабрикасы тұрғызылған.

Жол-көлік инфрақұрылымына 25 млрд.508,8 млн. теңге бағытталып, 47 елді мекенге апаратын 859 шақырым жол жөндеген. 33,5 мың адам тұратын 55 ауылға су құбыры тартылған.

Жиында облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Қуаныш Жүсіпова “Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы” атағына ұсынылған жерлестеріміздің есімдерімен таныстырды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төралқасы мұндай марапатқа “Ұлттық ғылыми медициналық орталық” АҚ басқармасының төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Абай Байгенжин мен ҚСРО-ның халық депутаты, одақаты Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қазиза Кеңесбаеваны ұсынған.

Абай Қабатайұлы – Айыртау ауданының тумасы. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық денсаулық сақтау шебері. Сондай-ақ “Парасат”, “Барыс” ордендері, “Алтын Барыс” төсбелгісі, “Гиппократ”, “Роберт Кох”, “Наполеон”, “Медицина маршалы”, “Еуропаның құрметті ғалымы”, “Оксфорд университетінің құрметті профессоры”, “Гран При” атақтары мен марапаттарын иеленген. Еуропаның жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы төрағасының мүшесі.

Қазиза Қожанқызы 40 жылдан астам тракторшы болып жұмыс істеген. Үздік еңбек жетістіктері үшінші, екінші дәрежелі “Еңбек Даңқы”, “Еңбек Қызыл Ту” ордендерімен атап өтілген. Дәнді дақылдардан жоғары өнім алып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізген. Бүгінде 80-нен асқан кейуана Тайынша қаласында тұрады.

Депутаттар көрнекті қоғам қайраткерлеріне “Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы” атағы берілсін деген ұсынысты бірауыздан қолдады.

Сессияда қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту, тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау, облыс шегіндегі 2018-2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері, тағы басқа мәселелер бойынша шешімдерге өзгерістер енгізілді.

Облыстық мәслихаттың депутаты Ирина Эктова өкілетті органдағы “АМАНАТ” партиясы жергілікті депутаттар фракциясының жетекшісі болып сайланды. “Солтүстік” әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының басшысы Жақсылық Есдәулетов облыстық мәслихаттың депутаты болып тіркелді.

Өмір ЕСҚАЛИ, “Soltustik Qazaqstan”.

«АҚ БИДАЙ - 2023» ЖАЗҒЫ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

Астананың 25 жылдығын мерекелеу аясында Келлеровка ауылында “Ақ бидай - 2023” жазғы спорттық ойындары өтті. Барлық ауылдық округтердің командасы спорттың барлық түрінен бақ сынасты. Аудан әкімінің орынбасары Г.Қ.Бәтенова, аудандық мәслихат төрағасы С. М. Бекшенов Келлеровка ауылында өтіп жатқан «Ақ бидай-2023» аудандық жазғы спартакиадасының ашылу салтанатына қатысты. Іс-шараның мақсаты – салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде дене шынықтыру мен спортты насихаттау. Спорттық мерекеге ауылдық округтер мен Тайынша қаласының құрама командалары қатысты. Жарыста келесі спорт түрлерінен сайыс өтті: гир спорты, армрестлинг, үстел теннисі, еркін күрес, жеңіл атлетика және велоспорт.



Аудан әкімі Берік Әлжанов аудан тұрғындары мен спортшыларды айтулы мереке күнімен құттықтады. Кейін аудан әкімі грамоталар мен медальдар, сондай-ақ жазғы спорт ойындарының жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар табыс етті. Жалпы “Ақ бидай - 2023” жазғы спорттық ойындарының қорытындысы бойынша жүлделі 3-орынды Чермошнян ауылдық округінің командасы, 2-орын Келлеровка ауылдық округінің командасы, 1-орын Тайынша қаласының командасына бұйырды. Жекелеген спорт ойындары бойынша “Ақ бидай - 2023” жазғы спорттық ойындарының жеңімпаздары облыста өтетін спорт ойындарында бақтарын сынайтын болады. Жеңімпаздарды құттықтаймыз!





ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол — қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма — күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра — қазақтың халық аспабы.

Қазақ халқы домбыраны көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Олар домбыраның сыңғырлаған үнімен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал, домбырада ойнау өнері мен күйлер ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып отырған. Домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да тоқтаған емес. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру біздің қолымыздан келеді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Бүгінде домбыраның құлағында ойнайтын жастар өте көп. Бұл қуантарлық жайт. Сондай өнерлі жастардың қатарында - Әйетбаева Айдана Қабылқызы. Ол бүгінгі таңда Тайынша қаласының тұрғыны, талантты, домбырашы-ұстаз. 2004 жылы Қазанғап атындағы Қызылорда мемлекеттік колледжіне оқуға түсіп, 2008 жылы оркестр, ансамбль әртісі, БММ оқытушысы "Халық аспаптар" мамандығы бойынша бітіріп шығыпты. 2009 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданы балалар әуез мектебіне домбыра мамандығы мұғалімі болып жұмысқа тұрады. Колледжді бітірген соң, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетті бітіріп, 2013 жылы "Музыкалық білім" мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2018 жылы СҚО Тайынша ауданы Тайынша қаласының "Балалар өнер мектебіне" домбыра мұғалімі болып және

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Шілденің бірінші жексенбісі – Ұлттық домбыра күні. Халқымыз домбыраға үкі тағып, төріне ілген күйшілерді төредей күтіп, төбесіне көтерген. Төл өнерімізді дәріптеу арқылы асыл құндылықтарымызды ұлықтай түсеміз. Шын мәнінде, қазақтың қара домбырасы – ұлтымыздың бойтұмары. Оның үні әрқайсымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені, қазақ пен домбыра – бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Академик Ахмет Жұбанов "Домбыра – көшпелі елдің көне-көз шежіресі" деп бекер айтпаған. Қастерлі аспаптың қос ішегіне халқымыздың бүкіл болмысы сыйып тұр. Қазақ халқының домбырашылық өнері сан ғасырдан бері ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға жалғасып келе жатқан баға жетпес рухани байлығымыз болып табылады. Еліміздің



байтақ даласында домбырашылық өнер кең қанат жайып, мейлінше өркендеген. Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі Тайынша қаласының орталық алаңында Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік іс-шара өткізді. Тайынша қаласының әкімі В.А.Шпаковский құттықтау сөз сөйлеп, мерекенің маңыздылығына тоқталып өтті. Іс-шара барысында аудандық мәдениет үйінің директоры Самат Тоқсанбайұлы бастаған өнерпаздар өнерлерін ортаға салды. "Шабыт" би ансамблінің биші қыздары мың бұралып, би биледі. Аудандық мәдениет үйінің ұжымы "Адай", "Ерке сылқым", "Талас", "Балбырауын" күйлерін көпшілік назарына ұсынып, мерекенің ажарын аша түсті. Еліміздің байтақ даласында домбырашылық өнер кең қанат жайып, мейлінше өркендей береді деген үміттеміз.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы».

Домбыра – өзіндік музыкалық сипаты бар, қазақ өмірінде маңызды орын алатын аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. 6000 жылдық тарихы бар домбыра бүгінде жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап. Ендеше назарларыңызға домбыраның шығу тарихы мен түрлері жайында кеңінен ақпарат ұсынамыз.

Әр түрлі ескерткіштерге, сондай-ақ этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтардың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінен тамбур аспабы жайында оқимыз. Өзбектердің домбыраға өте ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» деген трактатында ауызға алынды. Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Оның бастағы түрі мен құрылысы қазақтың домбырасынан аумайды.



"Болашақ" балабақшасына музыка мұғалімі болып жұмысқа тұрды. 15 жылға жуық еңбек өтілі бар ұстаз өзі жайлы сыр шертеді:

"Алты жастан бастап ата - анам музыка мектебіне домбыра үйренуге берді, саусақтарым кішкентай домбыраға жетпейтін еді. Сонда да барып қатыстым. 10 жастан бастап домбыраға, баянға, қобызға, шахмат ойнауға, спорттық ойындарға қатыса бастадым.", - деп баяндайды Айдана өзінің домбырашы болудағы алғашқы қадамдары туралы. Конкурстарға барғанда домбырадан тек бірінші орын алыпты. Домбырамен қосылып халық әндерін, Сыр Сүлейлерінің Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Нұртұғанның Жыр термелерін айтып өскен екен.

"Үйге қонақтар келсе терме айтшы, күй тартшы, ән айтшы деп домбыра ойнап, қызығушылығым артып алға қарай ұмытыла бердім", - деп есіне алады. "Әкем домбырамен, баянмен, гармошкамен ән айтатын. Үйде барлық аспаптар болды", - дейді домбырашы. Домбыра тарту ата-анасынан берілген дарын екен. "Мені үнемі жігерлендіретін, күш қуат беретін өзімнің әкем. Үнемі қолдау көрсетіп отыратын. Әкем күріш екті, сұшы болды жұмысы өте ауыр болды. Жұмыстан қандай уақытта келсе де, домбыра ойнатқызып мені тыңдап "демалып қалдым ғой, барлық шаршағаным басылды", - дейтін, сол сөзіне риза болып, мен одан сайын көп ойнап беруге тырысатынымын" - деп біздің бүгінгі кейіпкеріміз жылы естеліктерімен бөлісті. "Қазіргі өзімнің оқушыларымнан үйде кім сені көбірек тыңдайды, домбыра ойнады ба?" - деп сұрасам, "жоқ мені ешкім тыңдамайды, не үйреніп жатырсың деп сұрамайды, шаршап отырмын есікті жауып қой, басқа бөлмеге бар дейді", - деген жауап айтқанда мен таң қаламын. Домбыраның әуені тамаша құдіретті әуен, мен өзім осы сазды әуенмен өсіп, жетілдім, мен үшін бұл кез келгеннің қолынан келе бермейтін өнер, - дейді Айдана Қабылқызы.

Айдана Қабылқызы ата-аналарға өтінішін білдіреді, ең алдымен балаға ата-ананың бір ауыз жылы сөзі керек деп пайымдайды. Мысалы балаңыз домбырада жақсы ойнай алмаса да, "менің балам қандай тамаша үйреніп қалыпты, келесі сабақта соңына дейін үйреніп келші, менің құлағыма жағып жатыр, маған ұнады", - десе кез келген баланың қызығушылығы артады дейді. Сонымен қатар, балаларын өнерге баулып сурет салуға, биге, домбыраға, баянға, фортепианоға, вокалға беріп тәрбиелеп жатқан ата-аналарға ұстазы ретінде шексіз ризашылығын білдіреді.

Аспапта ойнау, музыка, өнер оңай жұмыс емес сондықтан барлық ұстаздарға және бүгінгі кейіпкерімізге біз де алғыс айтамыз. Шабытыңыз шарықтай берсін. Шәкірттеріңіз сізден асқан өнер адамдары болады деп үмітенеміз.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ «Тайынша таңы».



ДОМБЫРАНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Осындай аспап аттарының ұқсастығы да олардың түпкі шығу тегі бір екенін көрсетсе керек. Өткен жүз жылдықта ұлы халық композиторы Құрманғазымен бірге Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Байсерке, Қазанғап секілді саңлақ күйшілер дүйім жұртты аузына қаратқан. Бармағынан бал тамған майталман домбырашы болуымен бірге нелер бір ғажап күй де шығарған шын мәніндегі өнер иелері болды. Олардың арқасында домбырада тартылатын күйлердің музыкалық формасы үздіксіз жетілдіріле түсті. Домбыраның техникалық мүмкіндіктері артқан сайын домбыра тарту өнері де едәуір өрге басып, байи түсті. Қазақстанның батыс аудандарында домбыра тартудың өзгелерге ұқсамайтын бөлек дәстүрі қалыптасқанын айту керек. Батыс аудандардағы домбыраның негізгі өзгешелігі, көлемі үлкен болып келеді, сонымен қатар шанағы сопақ, мойны жіңішке, перне саны көбірек. Сондықтан мұндай домбыраны тартқанда қолданылатын техникалық тәсілдерді шанағы жалпақ домбыраға қолдану

қиын, өйткені бұл соңғы домбыраның мойны едәуір енді және ондағы перне де аз. Шанағы жалпақ домбыраның бірнеше нұсқасы кең тараған. Егер батыс аудандардағы домбыраларға 12—14 перне тағылса, ал шанағы жалпақ домбыраға не бары 7—8 ғана перне байланған. Перне санын арттыру процесі өте баяу жүрді және оның өзі орындалатын репертуарға тікелей байланысты еді. Әдетте, жаңа перне онымен алғаш орындалатын күйдің атымен аталынды. Пернелердің бірі домбырада «Түрікпен күйін» орындағанда байланды да, «Түрікпен пернесі» деп аталды. Бейтарап терция интервалын беретін басқа бір перне Қазақстанның батыс аудандарында «Сарыарқа пернесі» деп аталады. Аңыз-ертегілердің бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында айтылады. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолшыбай демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп (Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы. Басы 2-бетте) алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасаған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тым-тырыс, меңіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдебіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл шайтанның ісі болды ғой»,— деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атайды. Ішекті жылқының қылынан тағу, жоғарғы тиектің болмауы көне аспаптарға тән сипат. Ән, жыр айтуға арналған домбыраның пернелері 8 – 9, әрі кеткенде 14 – 15-ке жетсе, күй домбырасына 20-дан астам перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай (кварта, квинта) өзгертіледі. Домбыра, негізінен, екі ішекті және кейде үш ішекті болып келеді. Домбыра тартуда қағыстардың түрлері өте көп. Мысалы, «сермеп ойнау», «іліп қағу», «шертіп ойнау», т.б. Домбыра жайлы аңыз әңгіме Ертеде бір хан қызының кедей жігітпен көңіл жарастырғанын сезіп қалады да жігітті дереу дарға астырады. Екі қабат болып қалған қыз мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап – жасыл үлкен бәйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді. Сәбилердің көз жасы тамған бәйтерек солады, жүрегі тоқтаған нәрестелермен бірге ағаш та құарады. Қаңқу әңгіме халық арасында жата ма, оны естіген ана егізін іздеп жолға шығады. Жолдан шаршаған ана ағаш түбіне келіп, демалады Құлағына күмбірлеген сарын естіледі. Қайдан шығатын әуен екенін білгісі келіп ағаш үстіне шығып тыңдаса, жаңағы бәйтерек сынып кетеді. Ағаштың түбінен басына дейін іші қуыс екенін көреді. Екі басына бұтақтан – бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Екі ішек самал желмен тербеліп, одан әуен шығады екен. “Егіз құлынымнан қалған жұрнақ осы болар” деп сол ағаштан аспап жасап алады. Батысқа қараған ішегі бастау, шығысқа қараған ішегін қаттылау керілген екен. “Астыңғы ішек – жіңішке дауысты қызым Зарлық, ал үстіңгі ішек – бос қоңыр дауысты ұлым Мұңлық болсын” деп екі ішекке ат қойып, домбырасын тартып, күй шығарып кеткен екен. Бұл аңыз — әңгіме этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегінде жазылған. Жалпы қазақ даласының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапшы шеберлердің ісмерлігіне байланысты әртүрлі пішімде дамытылып, өзгеріп отырған. Мәселен, оңтүстік пен батыс өлкелерінде домбыра пішіні сопақшаланып немесе дөңгеленіп келсе, ал орталық, сол түстік және шығыс өлкелерінде, көбіне домбыра шанағының бұрыштары үшкірленіп жасалынған. Қазіргі кезде домбыраның 20-дан астам түрлері бар. Олардың ішінде: • Ән мен күй домбырасы • Торсық • Тұмар • Кең шанақты (екі нұсқасы) • Балдырған • Балашық • Шіңкілдек • Аша • Үш ішекті • Қуыс мойын • Шертер Оркестр домбыралары: • Қоңыр дауысты (альт) • Жіңішке дауысты (прима) • Ащы дауысты (секунда) • Бас домбыралар (екі нұсқасы) Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сонымен қатар оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Домбыра тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек). Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады. Домбыра – тек күй тартуға ғана емес, ән айтқанда сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Кенен, Әміре Қашаубаев, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалиев, Қ.Байбосынов т.б. белгілі әншілер домбыраның әнге әр беріп, әншіге демеу болатынын дәлелдеді. Домбыра аспабының дәстүрлі үлгілерін, халықтық дәстүрдегі перне байлау, домбыра баптау, күй ойнау, домбыра жасау жөнінде зерттеулерді Б.Сарыбаев, Б.Орымбеков, Т.Әсемқұлов, А.Сейдімбек, Д.Шоқпарұлы, т.б. еңбектерінен кездестіреміз. Домбыра құрылымдық, сапалық дәрежесінің кемел деңгейге жетуі барысында бүгінге дейін бірнеше сатыдан өтті: 1932-1934 жылдары домбыра аспабын жетілдіру бағытында белгілі аспапшы шеберлер Қ.Қасымов, А.Ермеков, ағайынды И. және Б.Романенколар, Қ.Оңалбаев, т.б. еңбек етсе, оны 1960- 1970 жылдары Ә.Аухадиев, О.Бейсенбекұлы жалғастырды.

Massaget.kz сайты бойынша дайындаған Жаннұр Бектұрғанова, тілші.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН



Аудан әкімі Берік Әлжанов ақ халатты абзал жандарды медицина қызметкері күнімен құттықтады. "Бұл мереке махаббат пен мейірімділіктің, құрмет пен ризашылықтың нұрына толы. Өйткені, адам денсаулығы әрқашан ең жоғары құндылық болды, ал оған қамқорлық жасауды таңдаған адамдар барлық уақытта алғыс пен құрметке ие. Сондықтан медицина

қызметкері күні шын мәнінде жалпыхалықтық мерекеге айналды", - деді Берік Ақылжанұлы өз сөзінде.

Медицина қызметкерлеріне Құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табыс етілді, одан кейін аудандық мәдениет үйі мен Петропавл қаласының әнші, бишілерінің қатысуымен концерттік бағдарлама көпшілік назарына ұсынылды.

АСҚЫНДЫРЫП АЛМАУ МАҢЫЗДЫ



Өңірімізде былтыр өңеш обырынан 15 адам қайтыс болса, жыл басынан 7 сырқат қатерлі ісіктен көз жұмды. Дерт алғашқы сатысында анықталған жағдайда толық емделіп шығуға мүмкіндік бар. Өңеш обыры – жиі кездесетін қатерлі ісіктердің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебінше, ол барлық онкологиялық аурулардың ішінде 6 орында тұр. Көп жағдайда өңеш обырымен ер адамдар, соның ішінде 50-60 жастағылар ауырады. Облысымызда қазіргі уақытта 74 адам диспансерлік есепке алынған. Соның 47-сі – ер адам. Жылда орта есеппен 30 адамға жаңадан диагноз қойылады. Өкінішке қарай, дертке шалдығып, қайтыс болғандар саны артып отыр. Мәселен, 2021 жылы 10 адам дүниеден өтсе, былтыр 15 адам көз жұмды. Биыл 5 айдың ішінде 7 адам қайтыс болды.

Өңеш обырын неғұрлым ерте анықтаған жөн. Өйткені, асқын кетсе емдеуге оңайлықпен бой бермейді. Мәселен, бірінші сатысында сырқаттардың 90 пайызына ем қонса, үшінші сатысында тек 10 пайызы ғана тәуір болады. Обырдың пайда болуына әртүрлі факторлар себеп. Түрлі тітіркендіргіш факторлардан өңештің созылмалы қабынуы – эзофагит пайда болады, ол кейін қатерлі ісікке айналады. Шылым шегу және спирттік ішімдіктерді шамадан тыс пайдалану, дұрыс тамақтанбау, өңешті түрлі қышқыл, сілтімен күйдіру, зиянды өндірісте жұмыс істеу, тамақты өте ыстық күйінде ішу, өңешті қатты тамақпен немесе басқа затпен механикалық зақымдап алу – мұның бәрі обырға әкелуі мүмкін. Өңеш рагын бастапқы сатысында анықтау қиын, ісік пайда болғанша дейін адам ешқандай жайсыздықты сезінбейді. Ісік өсе бастағанда жұтыну қиындай түседі. Алғашқы белгісі – сырқат тамақты жұтқан кезде сезеді. Тамақ өтпей өңеште тұрып қалуы мүмкін. Уақыт өте келе жайсыздық ұлғая береді, жұту қиын болғандықтан адам қатты тамақ жеуден бас тартады. Кеудесінде бөгде зат тұрғандай болып, тамағы, арқа тұсы, жауырынның үсті ауырады. Жиі лоқсып, құсады. Дұрыс тамақтанбағаннан адамның салмағы азаяды, күш-қуаты кеміп, анемия ауруы пайда болады. Үнемі қарны ашып, тілінің түсі ақ-сұрға

айналады. Аурудың тағы бір белгісі – кеңірдектің тітіркенуінен құрғақ жөтелдің мазалауы. Дауыс қарлығып, кейін қан аралас қақырықты жөтел пайда болуы мүмкін. Асқазан қыжылдайды, ауыздан жағымсыз иіс шығып, дене қызуы көтеріледі. Өңеш обырының соңғы сатысында ас, тіпті сілекей ісіктің салдарынан өңештен өтпейді. Қатерлі ісіктің бұл түрі өте баяу дамиды. Бірақ алғашқы белгілері пайда болған жағдайда оған немқұрайлы қарамай бірден дәрігерге қаралған жөн. Ал дәрігер онкологиялық аурудың бар-жоғын анықтайды, обыр болған жағдайда оның ағзаға таралу деңгейін байқайды. Сол үшін сырқатты бірқатар зерттеуден өткізеді.

Өңештің қатерлі ісігі зертханалық және аспаптық әдіспен анықталады. Ол үшін өңештің рентгенографиясы жасалады. Эндоскоп арқылы өңеш тексеріліп, ауру ошағының көлемі анықталады, зерттеу үшін материал алынады. Сондай-ақ компьютерлік томография жасалып, ісіктің сыртқы мөлшерін және оның басқа мүшелерге таралуын байқайды. Бұдан басқа онкомаркерлерге қан сараптамасы жасалады, қажет болған жағдайда науқас бронхоскопия зертханасына жіберіледі. Өңеш обырын емдеудің бірнеше жолы бар. Ол аурудың сатысына, сырқаттың жасына және оның жалпы жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Соның ішінде хирургия – өңеш обырының ең көп тараған емі. Дәрігер ота арқылы өңештің бір немесе көп бөлігін алып тастайды. Сәулелік терапия – радиоактивті заттарды қолдану арқылы ісік жасушаларын өлтіру немесе зақымдау үшін қолданылады. Радиацияны ісіктерді кішірейту немесе операциядан кейін қалған рак клеткаларын жою үшін қолдануға болады. Химиотерапия рак клеткаларының өсуін жою немесе тоқтату үшін дәрі-дәрмектерді пайдалану арқылы жүргізіледі. Кейбір химиотерапиялық препараттар таблетка түрінде қабылданады, енді бірі екпе түрінде тамыр арқылы тікелей қанға енгізіледі. Химиотерапия кейде ісікті кішірейту үшін операция алдында қолданылады.

Виктор ФРЕШЕР, облыстық онкологиялық орталықтың дәрігері.




МНОГОЦВЕТНОЕ АУЫЛЫНА 120 ЖЫЛ

Тайынша ауданына қарасты ең көне елді-мекендердің бірі Многоцветное ауылында ұлан-асыр той ұйымдастырылды. Дүйім жұрт ауылдың 120 жылдық мерейтойын атап өтті. Думанға осы жердің үлкені мен кішісі де қалмай келген. Татулықтың үлгісін паш еткен жиында түрлі ойындар ұйымдастырылып, ел-жұрт бір-бірімен сағына қауышқанының куәсі болдық.

Бүгінгі тойға жиналған халықтың қарасы қалың. Мұнда көрші ауылдардан да келіп, жергілікті жұртты құттықтап жатқан ағайын көп болды. Шара барысында аға буын өкілдері, қазыналы қарттарымыз жастарға ауылдың тарихы жайлы айтып, оның негізін қалаудағы қиындықтарын да айтып берді. Өткенге көз жүгіртетін болсақ, Многоцветное ауылы еліміздегі барлық тарихи кезеңдерді басынан өткізді. 1931 жылы ел басына нәубет, ашаршылық түскен уақытты да басынан өткізген. Саяси құғын-сүргін жағдайы да ауылды айналып өткен жоқ. Ұлы Отан соғысы басталғанда 245 жауынгерел қорғауға аттанып, 115 адам майдан даласында қаза тапты. 21 адам хабарсыз кетті. Ұлы Жеңіс құрбандарына 1983 жылы ескерткіш қойылды. Дегенмен, сол уақытта совхоз жұмысы тоқтамады. Ауылдың шаруашылығы дамып, экономикалық бағыттары арта түсті. Ауылдың негізін қалауда белсенді атсалысқан жандардың бірі – Валентина Федоровна Пашинская, Анна Николаевна Макаренко, Екатерина Евгеньевна Шамрай, Нұрғиза Ислямқызы Асрандина. Ал тәжірибелі ұстаздар А.К.Макаренко, А.В.Ракицкая, В.А.Шамрай Многоцветное негізгі мектебінде еңбек етіп қаншама шәкірттерді тәрбиеледі. Еңбек майданында осында тұрып, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында аянбай тер төккен отбасыларды да ерекше атап өтуге болады. Олар: Ветряк, Герасимчик, Фабрициус, Шнайдер және Ткачтың әулеті.

Мерекелік іс-шарада алғашқы болып сөз алған аудан әкімі Б.А.Әлжанов ауыл тұрғындары мен арнайы келген меймандарды ауылдың 120 жылдық мерекесімен құттықтады. Ауыл тарихы мен осы өңірде атқарылып жатқан жұмыстарға, шаруашылықтың жетістіктеріне ерекше тоқталып өтті. Сонымен қатар, ауылдың бір-қатар азаматтарына мерекелік марапаттар тапсырды. Олардың қатарында Н.И.Асрандина да болды. Алқалы жиынға «Зерновой консорциум Казахстана» холдинг директоры Р.Карагойшин, Степноишим тәжірибелі стансасының директоры П.Б.Рафальский болды. «Табигат» шаруа қожалығының жетекшісі А.К.Бессергенов, жеке кәсіпкерлер «Каравацкая», «Шнайдер» және басқалары осы шаруашылықтың алға басына өзіндік еңбек үлестерін қосқандар. Ауылда 15 ұлт өкілдері тұрады. Ауыл төңірегінде халыққа барлық жағдай жасалған. Негізгі мектепті биыл 7 оқушы аяқтап отыр. Ауылда дәрігерлік бөлім. Күнделікті қажетті заттар сатылатын дүкен, ауыл клубы да бар. Ауыл қариялары мен еңбек ардагерлері де басшылық тарапынан ескерусіз қалмайды. Әнші – өнерпаздардан құралған «Сударушки» вокалды ансамблінің де мерекелік іс – шараларда алатын орны ерекше. Ауыл тойы өте жоғары деңгейде өтті. Осы елді-мекеннің гүлденуі жолында еңбек атқарған ел азаматтарының қатарында қазақтың қарапайым әйелі, майталман еңбеккер, ауыл шаруашылығының қай саласында еңбек атқарса да абыроймен атқара білген ерекше жан- Нұрғиза Ислямқызы Асрандина.



Осы мерекенің құрметіне «Тайынша ауданының Еңбек ардагері» төс белгісімен марапатталды. Еңбек ардагері жайында айтар болсақ, Асрандина Нұрғиза Ислямқызы 1949 жылдың 9 маусымында Омбы облысы, Москаленский ауданының Елеуіш ауылында Жүсіповтер отбасында дүниеге келді. 1968 жылы көрші ауыл Қызыл ағаштағы Асрандин Хайролла Өсербайұлымен отбасын құрып, 5 бала тәрбиелеп өсірді (2 ұл және 3 қыз), 7 немересі бар. 1982 жылы Омбы облысының Новоцарицыно ауылынан Көкшетау облысы Ленинградский ауданының Ащыкөл совхозына көшіп келеді. Осы совхозда еңбек жолын «Звездочка» балабақшасында аға аспаз лауазымынан бастады.

1991 жылы отбасымен Көкшетау облысы Красноармейск ауданының Многоцветное ауылына көшіп келіп, еңбек жолын Степноишим тәжірибе станциясында сауыншы болып жалғастырып, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың бірі болады. Жыл сайын бағалы сыйлықтар мен марапаттарға ие болады. 1994 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. Зейнеткерлік демалыста болса да, 7 жыл бойы еңбегін жалғастырады.

2008 жылы жан жары өмірден озады. Бүгінгі күні еңбек ардагері апайымыз Многоцветное ауылында өмір сүріп жатыр. Ауылдың 120 жылдығы мерекесінде «Еңбек ардагері» медалімен, құрмет грамотасымен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Тарихы тереңде жатқан ауылдарымыз жарқырап жайнай берсін.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.



ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ТІРКЕУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІНЕ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕНГІЗУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

2018 жылғы 1 қарашадан бастап Enbek.kz, Egov.kz порталдарында кадрлық есепке алудың ақпараттық жүйелері жоқ ұйымдар үшін еңбек шарттарын тіркеу бойынша сервис іске қосылды.

Министрлік базасында еңбек шарттарының бірыңғай қоймасы "Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі құрылды. Сондай-ақ еңбек шарттарын, еңбек шарттарына қосымша келісімдерді тіркеу және оларды бұзу үшін интеграциялық сервис. Қызметкердің жеке дело мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен дербес деректерді сұрау жолымен қалыптастырылады. Қызметкердің дербес деректерді өңдеуге келісімін алу бойынша функционал пысықталуда.

Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі – бұл қағаз еңбек кітапшаларынан бас тартуға және еңбек шарттарын жасасу кезінде қағаз құжаттарды ұсынуға мүмкіндік беретін жүйе, яғни диплом және жұмысқа орналасуға арналған түрлі анықтамалар бірыңғай базада болады. Өтініш берушіге жұмысқа орналасу кезінде осы анықтамаларды ұсынуудың қажеті жоқ. Осының есебінен жұмыспен қамтудың ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Жүйенің жұмыс тетігі: үміткер жұмысқа орналасуға келгенде, жеке куәлігін береді. Жұмыс беруші кандидаттың ЖСН-і бойынша қызметкердің жеке ісін қалыптастыруға арналған «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне сұрау салады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыру жолымен қызметкер туралы деректер топтамасы қалыптастырылып, жұмыс берушіге жіберіледі. Қызметкердің алған жеке ісіне сүйене отырып, жұмыс беруші жаңа қызметкерді қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды. Содан кейін қызметкермен ЭЦҚ көмегімен немесе қағаз жеткізгіште электрондық еңбек шартына қол қояды;

Жұмыс беруші еңбек шартын «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркеуді жүргізеді.

Электрондық шартта қағаз жеткізгіштің барлық деректері, атап айтқанда тараптардың деректемелері, еңбек жағдайлары, демалыс режимі, жалақы мөлшері, қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері көрсетіледі. Сонымен қатар, жұмыс беруші шарттарға енгізлетін өзгерістерді, Шарттың қолданылуын тоқтату туралы мәліметтерді тіркеуге міндетті болады.

Жұмыскерлер үшін артықшылықтар: жұмысқа орналасу процесін оңайлату: құжаттарды жинау қажеттілігі (мекенжай анықтамасын, медициналық анықтаманы, аттестат, диплом, паспорттық деректерді, түйіндемені), жұмыс өтілі, сотталығы туралы анықтаманы жинау), әлеуметтік тәуекелдерден қорғайды: шарттың, жарналардың және қорларға аударымдардың болуы фактісі алынып тасталады;

Жұмыс берушінің қызметкер алдындағы міндеттемелерін бекітіледі;

Жұмыс берушілер үшін артықшылықтар: еңбек шарттарын рәсімдеу құнын төмендету. Қағаз тасығышта кадрлық құжаттаманы жүргізу қажеттілігі, қызметкердің жеке ісін қалыптастыру сервисіне қолжеткізу арқылы қызметкерлерді сапалы іріктеу; құжаттарды қолдан жасау тәуекелдерін болдырмау, өйткені ақпаратты электрондық үкімет арқылы алады, яғни жүйе қолдан жасауды болдырмайды.

Жұмыс беруші үшін кадрлық ісжүргізу, оның ішінде қызметкерлерді жалдау және ауыстыру үрдісі оңтайландырылады. Кандидаттың электрондық жеке ісіне қол жеткізу арқасында ол жеке куәлік, білімі, еңбек қызметі, жұмыс өтілі және қызметкердің біліктілігі туралы диплом бойынша сенімді деректер ала алады. Тиісінше, қызметкерлерді сапалы түрде таңдауға болады.

Мерзімдер бұзылған немесе деректер ЕШЕБЖ-да көрсетілмеген жағдайда жауапкершілік көзделген. ЕШЕБЖ-ға мәліметтерді енгізбегені немесе уақытылы енгізбегені үшін ЭҚБТК-де тікелей жауапкершілік жоқ. Осы талаптарды орындауды мемлекеттік бақылау шеңберінде мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асыратын болады және жұмыс берушілер ЕШЕБЖ-ға мәліметтерді енгізу жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайда жою мерзімі бар нұсқамалар берілетін болады. Нұсқаманы орындалмаған жағдайда, инспекторлар әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін материалдарды сот органдарына жіберетін болады.

Ә.Ж. ӘБДІҒАЛИЕВА, Еңбек қатынастарын бақылау бөлімінің басшысы

ОНЛАЙН АУДАРЫМ: ҚАТЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚШАНЫ ҚАЙТАРУҒА БОЛА МА

Мобильді банкінг арқылы қолма-қол ақшаны жылдам аудару әрбір адам үшін үйреншікті жағдайға айналды. Мобильді қосымшада алушының нөмірін терсеңіз жеткілікті, ақша алушының шотына аударылады. Алайда, аударым кезінде сіз ұялы телефон нөмірін немесе карта, шот деректемелерін қате жібердіңіз және сома мүлдем бейтаныс адамға кетті. Егер сіз онымен төлемді қайтару туралы келісе алсаңыз жақсы. Ал егер жоқ болса? Айтпақшы, сіздің шотыңызға қаражат түсіп, бірақ сіз жіберушінің кім екенін білмейтін жағдайлар да кездеседі.

Fingramota.kz осы жағдайларда не істеу керек екенін айтып береді.

СІЗ ҚАТЕЛЕСІП, АҚШАНЫ БЕЙТАНЫС АДАМҒА АУДАРДЫҢЫЗ

Сіз телефон нөмірі бойынша жедел төлем жасадыңыз, бірақ цифрдан қате жібердіңіз. Ақшаны қайтару қиын, бірақ қайтаруға болады. Алушымен хабарласып, қате аударым жасағаныңызды түсіндіріп көріңіз, түскен соманы қайтаруды сұраңыз. Ол адам сізге сенуі және алаяқ ретінде қабылдамауы үшін шотты тексеруді ұсыныңыз. Алушы сіздің жағдайыңызды түсініп, содан кейін ақшаны кері аударыммен қайтаруы мүмкін. Бас тартқан кезде тек сотқа жүгіну және ақшаны өндіріп алу туралы талап-арыз беру ғана қалады, себебі қолданыстағы заңнамада ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес бұл әрекет «негізсіз баю» ретінде қаралады. Сондай-ақ, сіз ҚР Ұлттық Банкінің қолданыстағы қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша ақшаңызды пайдаланғаны үшін сыйақы өндіріп ала аласыз.

Егер сіз карточканың немесе шоттың дұрыс емес нөмірі бойынша ақшаны қате жіберген болсаңыз, банкке хабарласып, бәрін түсіндіріп, менеджерден ақшаны қалай қайтаруға болатындығын білуіңіз керек. Сонымен қатар, бұл жағдайда банк төлемді біржақты түрде кері қайтара алмайды. Әрбір банктің осындай мәселелерді шешудің өз рәсімі бар. Көбінесе, егер аударым дұрыс емес банктік шотқа сәтті жіберілсе, ақшаны алушының келісімімен ғана қайтаруға болады.

Егер ақша аудару процесі жүріп жатқан болса, онда операцияны болдырмауға болады. Егер сіз қате жіберіп, жоқ банктік деректерді көрсетсеңіз, төлем жасалмайды және ақша автоматты түрде қайтарылады.

АЛАЯҚТАН САҚ БОЛ!

Қазақстан Ұлттық Банкі kzccoins.nationalbank.kz интернет-дүкенінің (бұдан әрі – Интернет-дүкен) сатып алушыларына коллекциялық монеталардың санына қойылатын шектеулерді айналып өтеді деген желеумен арнайы бағдарлама сатып алуды ұсынушы алаяқтардың белсенді бола бастағанын ескертеді.

Мәселен, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі Қазақстан нумизматтарының тақырыптық топтарында алаяқтар «көмекші бағдарламаға» бір реттік жол ашу мүмкіндігін арнайы төлемге ұсынып жүр. Сөйтіп, ол бағдарлама ҚҰБ Интернет-дүкенінен сатып алушылардың себетіне коллекциялық монеталарды кез келген мөлшерде автоматты түрде қосады деп сендіреді.

Сонымен қатар, коллекциялық монеталарды себетке салудағы «сәтті» операциялары бар суреттер көрсетіледі және «көмекші бағдарлама» толығымен қауіпсіз екені туралы жалған ақпарат беріледі. Алайда, қолма-қол ақшаны алғаннан кейін, алаяқтар вирус немесе басқа да зиянды кодтардан тұратын бағдарламалық жасақтаманы ұсынады. Олардың орындалуы пайдаланушы деректерінің таралып кетуіне немесе жоғалуына әкелуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Ұлттық Банк сақ болуды, ҚҰБ Интернет-дүкенімен жұмыс істеу барысында күмәнді бағдарламалық жасақтаманы сатып алмауды және пайдаланбауды сұрайды.

Сатып алынатын монеталар санына лимитті Ұлттық Банк әрбір мәміле бойынша тексереді. Бұл ҚҰБ Интернет-дүкенінің себетіне монеталарды сәтті қосқан жағдайда да, белгіленген лимиттен тыс сату мүмкін еместігін білдіреді.

Сондай-ақ, ҚҰБ Интернет-дүкені Пайдаланушы келісімінің 11.4-тармағына сәйкес, сатып алушы басқа сатып алушылардан бәсекелестікке жатпайтын техникалық артықшылықтарды білдіретін және ҚҰБ Интернет-дүкенінің есептеу құралдарына жоғары жүктеме жасайтын автоматтандырылған жүйелер мен құралдарды (интернет-боттар мен басқа құралдар) пайдаланбауға міндеттеме алатынын еске саламыз. Осы тармақ бұзылған жағдайда Ұлттық Банк сатып алушының есептік жазбасын тұрақты бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.

Сіз немесе таныстарыңыз алаяқтық әрекеттерге тап болған жағдайда, қажетті сот ісін жүргізу үшін құқық қорғау органдарына тиісті өтінішпен жүгінуді ұсынамыз.

«Еуразиялық банк» АҚ не оның серіктестері қандай да бір акциялар және сыйлықтар немесе жүлделерді ойнатқанда әрбір облыстың тұрғындарына ол туралы ертерек ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидар, радио-басылымдық жарнамалар арқылы, сондай-ақ Банктің келесі ресми интернет-сайттарында хабарландырылады: www.eubank.kz.

Банк жүргізетін акциялардың барлығы туралы өзекті және шынайы ақпаратты Сіз үшін қолайлы тәсілдердің бірін пайдалана отырып, Сіз мына телефондар бойынша ала аласыз:

Байланыс орталығы: +7 771 000 7722 ,

+7 700 000 7722 , +7 702 010 7722;

Банктің Сапа қызметі email:probank@eubank.kz

Кеңес алу үшін 1477 қысқа нөмірі бойынша

Ұлттық Банктің Байланыс орталығына хабарласуға болады.

СІЗГЕ ҚАТЕ АУДАРЫМ ТҮСТІ

Егер нақтысын айтатын болсақ, әрине сіз аударымды қате жіберген адамды тауып, оған ақшаны қайтару үшін өз уақытыңызды жұмсауға міндетті емессіз. Алайда бұл ақшаны жіберушіге қайта аударған жөн, өйткені ол кез келген уақытта сізді сотқа беруі мүмкін. Бірақ, алдымен ақша расымен де шотыңызда жатқандығына, мұның қаржылық алаяқтардың амалы емес екендігіне көз жеткізіп алу керек.

Сондай-ақ, бұл ақша сізге тиесілі және олар сіздің шотыңызға қаражат аударған көздерден түскен болуы мүмкін. Мысалы, сіздің борышкеріңіз ақшаны қайтарды немесе компания қайта есептеуді жасады. Әр түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Бұл жалған емес, қате аударым екеніне көз жеткізіңіз.

Қаскөйлердің банкердің және басқа да қаржылық ұйымдардың атынан сіздің шотыңызға қандай да бір соманың түскендігі туралы SMS-хабарландыруларды жиі тарататынын, содан кейін қоңырау шалып, қайтаруды сұрайтынын есте сақтаңыз. Сондықтан, кері аударым жасамас бұрын қаражат шынымен түскендігіне көз жеткізіңіз. Мұны мобильді банк қосымшасы арқылы немесе банк операторымен ресми нөмір бойынша байланысу арқылы жасауға болады.

Ақшаның кімнен және қашан түскенін түсіну үшін шотыңыздағы үзінді-көшірмені зерделеңіз. Егер сіз ақша аударымының қате екеніне 100% көз жеткізсеңіз, ал жөнелтуші сізбен байланысқа шықпаған болса, банкке хабарласыңыз. Сонымен қайтаруға келісім беру туралы жазбаша өтініш жазыңыз. Содан кейін қаржы институты ҚР заңнамасы бойынша төлемдерді қайтару рәсімдеріне сәйкес кері төлемді жүргізеді.

ҚАТЕ АУДАРЫМ ЖАСАМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Ақшаны дұрыс аудармауды болдырмау өте оңай. Транзакцияны бастамас бұрын әрқашан деректемелерді мұқият тексеріңіз. Басқа шотқа ақша аудару нысанын толтырған кезде абай болыңыз, әрқашан карта деректемелері мен телефон нөмірлерін бірнеше рет тексеріңіз.

Тағы бір ақылға қонымды кеңес - алдымен алушының деректемелерінің дұрыстығын бірнеше рет тексеру үшін шағын сынақ сомасын жіберіңіз. Алушыдан растауды алғаннан кейін қалған соманы қайта жіберіңіз. Бұл жақсы тәжірибе және сіздің транзакцияңыздың дұрыс алушыға жеткізілуін қамтамасыз етудің ең жақсы тәсілі.

Қолма-қол ақша аударған кезде әрдайым мұқият болыңыз. Бірнеше қарапайым тексерулерге жұмсалған бірнеше минут сізді еңбекпен тапқан ақшаңыздың көп бөлігін жоғалтудан сақтайды.

ҚР реттеу агенттігі және Қаржы нарығын дамыту

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті келесіні хабарлайды. Салық төлемдерін аудару бойынша алдағы өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті салық төлеушінің БСН/ЖСН және төлемді тағайындау кодын (ТТК) өзгерту мүмкіндігін болдырмау үшін ақпараттық жүйеге пысықтаулар енгізеді. Осыған байланысты, салық төлеушілердің дербес шоттарына төлемдерді дұрыс таратпау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31.08. № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын салық төлеушілердің төлем құжаттарында БСН/ЖСН көрсетуінің дұрыстығы бөлігінде сақтау қажет, оның ішінде төлемді тағайындауда.

Заңды тұлғаның бюджетке төленетін төлемдерді, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, төлем берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, өзінің жеке бөлімшесі үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуі кезінде осы Қағидаларға сәйкес «төлем мақсаты» бағанында мынадай ретпен көрсетіледі БСН және міндеттемелері бойынша төлем жүзеге асырылатын заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесінің атауы, төлемнің мақсаты. Көлік құралына салық төлеген кезде (оның ішінде электрондық терминалдар арқылы) «төлем мақсаты» бағанында мынадай ретпен «VIN», көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, «/V» таңбалары, төлем мақсаты көрсетіледі.

Сот орындаушысы борышкердің міндеттемелері бойынша бюджетке төлемдерді атқарушылық іс жүргізу шеңберінде төлеген кезде «төлем мақсаты» деген бағанда төлем жүзеге асырылатын борышкердің ЖСН, оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не төлемнің тегі мен аты-жөні, мақсаты мынадай ретпен көрсетіледі. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұлдарды төлеу кезінде «төлем мақсаты» бағанында мынадай ретпен «ADM», әкімшілік материалдың сәйкестендіру нөмірі, «/A» таңбалары, төлем мақсаты көрсетіледі.

«Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот» ақпараттық жүйесінде салық төлеушінің (салық бұйрықтарын орындау шеңберінде жеке тұлғаның салық берешегінің сомасын аударатын жеке сот орындаушысының, құрылымдық бөлімшеге аударатын бас ұйымның, банк шотынан борышкердің, Мемлекеттік корпорацияның салық берешегі өндіріп алынған дебитордың) БСН/ЖСН-ін өзгерту жаңартылғаннан кейін Сіздің назарыңызды аударамыз «Зейнетақылардан, жәрдемақылардан, салық төлеушілерден (салық агенттерінен) салықтарды ұстайтын» азаматтарға арналған үкімет», өз қызметкерлерінің жалақысын салықты ұстайтын және аударатын және т.б.) қолжетімсіз болады, яғни мемлекеттік кірістер органының қызметкері үшін төлемді түзету мүмкіндігі болмайды. Бұл ретте төлем тапсырмасының «төлем мақсаты» жолында көрсетілген салық төлеушінің БСН/ЖСН бойынша дербес шоттарға төлемдерді автоматты түрде тарату осы жолақта бір БСН/ЖСН көрсетілген кезде өзгеріссіз жүзеге асырылатын болады. «Төлем мақсаты» жолында бірнеше салық төлеушілердің БСН/ЖСН көрсетілген кезде тарату «ақша жөнелтуші» бойынша мұқият болу керектігін хабарлаймыз.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты салық төлемдерін аударуға арналған төлем құжаттарын толтыру кезінде деректемелерді толтыру және «төлем мақсаты» жолында дұрыс және дәйекті мәліметтерді көрсету тәртібі бойынша мұқият болу керектігін хабарлаймыз.

МӘМС ТӨЛЕМІН ҚАЛАЙ ЖАСАЙМЫЗ?

Келесі жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) алынып тасталады деген сыбысты есті сала, анығын білу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына хабарласып, «МӘМС-ке жарнаны қалай төлейміз?» деп сұрайтын азаматтар жетерлік. Шынымен де 2024 жылы бұл төлем түрі болмай ма? Болмаса, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар МӘМС төлемдерін қалай төлейді? Бұл медициналық сақтандыру қорының шешімі ме? Осы және өзге де сауалдардың жауабын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стратегия департаментінің директоры Дамир Көбжасаровтан сұрап білдік.

БЖТ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАНДАЙ МАҚСАТПЕН ЕНГІЗІЛДІ?

Дамир Көбжасаровтың айтуынша, бірыңғай жиынтық төлемін алып тастау Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шешімі емес. БЖТ жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін 5 жылға (2019 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін) уақытша енгізілген еді әрі оны тек басқа жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін сататын және қызметтер көрсететін жылдық табысы 1175 айлық есептік көрсеткіштен аспаса төлей алады. Басқа жағдайда бұл төлемді пайдалануға болмайды. Алайда бұл норманы жұмыссыз әрі тұрақты жұмысы жоқ азаматтар, бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін жүкті әйелдер пайдаланып келеді.

Бірыңғай жиынтық төлем республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары үшін бір айлық есептік көрсеткіш көлемін және басқа елді мекендердің азаматтары үшін 0,5 АЕК құрайды. Яғни, биыл БЖТ мөлшері тиісінше 3 450 теңге және 1725 теңге.

Бірыңғай жиынтық төлем төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмайды. Алайда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам бірыңғай жиынтық төлемнің бір айын уақытылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек.

«Бірыңғай жиынтық төлемнің негізгі және жалғыз мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелеріне тарту. Сондықтан бұл төлемдері төмен жеңілдік кезеңі болды. Қазір жеке тұлғалардың табысын декларациялау кезең-кезеңімен енгізілу үстінде. Бұрын кәсібін тіркемеген азаматтар кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе жалдамалы қызметкер болып жұмыс істеуі керек», – делі Дамир Көбжасаров.

КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ БЖТ БОЛМАСА, БАСҚА ТӨЛЕМ ТҮРІ ЕНГІЗІЛЕ МЕ?

БЖТ төлеген азаматтар әрі қарай дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады (2023 жылы – 3500 теңге). Осы жерде ескеретін жайт, азаматтардың сақтандырылған мәртебесі болуы үшін, МӘМС туралы заңға сәйкес, 12 айға төлемі болуға тиіс. Егер БЖТ төлеушілердің өткен 1 жылға төлемі болса, 2024 жылдан бастап әр ай сайын дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады. Ал толық 12 айға төлем жасалмаса, мысалы ағымдағы жылы 7 айға төлемі болса, азаматтар төленбеген 5 айға дербес төлеуші ретінде әр айға 3500 теңгеден төлеп шыға алады. Келесі жылдан бастап ай сайын жарна төлей береді. Ал ағымдағы жылы 3-4 айға БЖТ төлеген адамдарға алдағы 12 айға төлем жасап, 1 жылға алдын ала сақтандырылған мәртебесін алған тиімді.

Дамир Көбжасаровтың айтуынша, тұрақты табысы жоқ ауыл тұрғындарының (90 мыңға жуық адам) МӘМС жүйесінен тыс қалу қаупі бар. Қазір осыған байланысты ауылдық аймақтарда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Әзірше, азаматтар алдағы жарты жылда БЖТ-ны төлей береді. 2024 жылы сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе дербес төлеуші ретінде жарна төлейді.

Төлем Қазақстанның кез келген банкінде, банктердің мобильді қосымшалары арқылы және «Қазпошта» бөлімшелерінде қабылданады. Төлем жасау кезінде ақша аударылатын тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін, төлем жасалатын айды көрсету керек.

Егер сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуда қиындықтар туындаса, өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгініңіз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары бойынша өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз:

fms.kz ресми сайты,
Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
Telegramдағы SaqtandyrBot
1414 Бірыңғай байланыс орталығы

Сондай-ақ Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) журналдардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі

ОТБАСЫ – БАРША АДАМЗАТҚА ЕҢ ЖАҚЫН, ЕҢ ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМ



Отбасының тірегі ардақты әке мен аяулы ана. Ата-анаға, үлкенге қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу – біздің борышымыз. Ата-ана – отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Отбасы – барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым. Адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап отбасының тәрбиесін алады. Ата-ана – өмірдегі ең қымбатты да қадірлі адамдарымыз. Олар баласын жақсылыққа әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Осындай отбасының алтын діңгегі, ардақты әке, ақылшы ата – Қазанұлы Қожа. 1973 жылы еңбек жолын бастаған ол өзі оқыған алтын ұя мектебіне келіп бастауыш сынып мұғалімі болып еңбекке араласады. Сол жылы өмірлік серігі Күләй жеңгеймен көңіл қосып, отау көтерді. Ол медбикелік оқуын жаңа ғана тәмамдап, ауруханаға лаборант болып жұмыс жасайтын. Қожа Қазанұлы екінші рет жоғарғы оқу орнына түсіп, білімін жоғарылатып, биология және химия пәнінің мұғалімі қызметін әрі қарай жалғастырады. Еңбек жолын мектептің оқу ісінің меңгерушісі қызметімен ары қарай жалғастырып, аянбай еңбек етіп, сол еңбектің арқасында бірнеше медальмен марапатталды: «Моңғолия еңбек ардагері», «Оқу ісінің үздігі», «Үздік мұғалім». Отбасында балалы шағалы болып, жеті қыз, бір ұлды қатарластарынан қалдырмай өсіріп, тәрбиеледі. Өкінішке орай, жалғыз ұлы Ақжол 2016 жылы дүниеден озды.

Отбасы 1992 жылы атамекенге қоныс аударып келіп, ағамыз Белогородка аралас орта мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып және биология және химия мұғалімі болып қызмет атқарды. Отанасы Күләй жеңгей медбике болып қызмет етті. Искерлік-ұйымдастырушылық қабілеттерімен ұжымда бедел биігінен көрініп, зейнет демалысына шығарында мақтау-марапаттауларды иемденді. Өнегелі өмір жылдары дәріптелді. Ағамыздың шәкірттері Қазақстанның түкпір түкпірінде әртүрлі қызметтер атқарып, абыройлы маман иелері болып жүр. Қазіргі таңда ағамыз зейнеткер. Зейнет жасына жетсе де «Тайынша таңы» аудандық газетінде меншікті тілші. Ағамыздың, әсіресе, әртүрлі тақырыптарға арналған жыр шумақтары мен мақалалары газет оқырмандарының көңілінен шығатыны, шындық.

Қыздары Рая Қожақызы 1992 жылы 11 сыныпты аяқтап Петропавл қаласындағы пед училищеге оқуға түсті. 1994 жылы бастауыш сынып мұғалімі мамандығын тәмамдап, Белогородка орта мектебінде 10 жыл қызмет атқарып, 2004 жылы Аққайың ауданына қоныс аударып, қазіргі таңда Смирнов қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып 20 жыл қызмет етіп келеді. Жолдасы Хамзин Азамат физика және информатика мұғалімі болып қызмет атқарады. Екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

Дәурен үйде балаларының тәрбиесімен айналысып отырған ана. Жолдасы Бердімұрат ауыл шаруашылығының маманы.

ОТБАСЫ ЖАЙЛЫ
НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Жұбайлар бір-бірінің мінезін зерттеп білмей некенің бақытты болуы екіталай.

Оноре де Бальзак

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Жақсы отбасында жазалау деген атымен болмайды. Ал бұл - отбасы тәрбиесінің ең дұрыс жолы.

Антон Макаренко

Ештеңеге қарамастан үйлен. Жақсы әйел түссе бақытты боласың, жаман әйел түссе ойшыл боласың.

Сократ

Тәрбиешінің нағыз данышпандығы – әкенің, шешенің, педагогтың – балаға бақыт беруі. Балалық шақтың бақыты – жылылық пен қорек беретін отбасының тыныштығы.

Василий Сухомлинский

Екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған ата-ана. Бүгінгі күнде екі жиен сүйіп отырған бақытты ата әже.

Гаухар "бастауыш сынып мұғалімі" мамандығын Петропавл қаласындағы пед училищеден бітіріп, Тайынша ауданында мамандық бойынша 1-2 жыл қызмет атқарған. Кейіннен жолдасы Телжан екеуі жеке кәсіп ашып жұмыс атқарып жатыр. Төртінші қыз Қожа қызы Ақбота. Әке жолын қуып химия және биология пәні мұғалімі мамандығын таңдап, оқуға түсіп, қазіргі кезде мамандық бойынша Тайынша ауданы, "Амандық орта мектебі" КММ да қызмет атқарып жатыр. Бүгінгі күнге дейін ғылыми жоба, "Зерде" ғылыми жабаасынан, пән олимпиадаларынан аудандық, облыстық, республикалық жеңімпаз шәкірттері бар.

Жолдасы Аңсаған технология пәні мұғалімін тамамдап мектепте бірнеше жыл қызмет атқарып, кейіннен жеке кәсібін ашып жұмыс атқарып жатыр.

Екі қыз, бір ұл тәрбиелеп, өсіріп отырған отбасымыз. Үлкен балам өзінің атасының, ағаларының, нағашы апасының жолын қуып дәрігер мамандығында оқып жатыр. Үлкен қызым өзімнің жолымды қуып "биология пәні мұғалімі" мамандығында оқып жатыр.

Ақерке "жер ұйымдастырушы" мамандығын аяқтаған. Қазіргі таңда Астана қаласында тұрады. Жолдасы екеуінің жеке кәсіптері "Ай-Шуақ" мебель цехі бар. Жолдасы Айдын екеуінің екі қыздары бар. Екеуі де оқу озаттары

Алтыншы қыз Фатима 11 сынып бітіріп Шоқани Уалиханов университетіне Информатика мамандығына оқуға түсіп диплом алды, мамандық бойынша жұмыс істеген жоқ, өзінің шағын кәсібін ашып сол бойынша жұмыс істеп жатыр. Ал жолдасы ТОО "ТамызАгроИнвест" те механизатор болып жұмыс істейді. Бос уақытында өз жеке кәсібі бойынша жұмыс істейді бір ұл бір қыз тәрбиелеп отыр. Балалары Тайынша қазақ орта мектебінде білім алады

Отбасының кенжесі Жанылсын 11 сынып бітіріп Шоқан Уалиханов университетіне оқуға түсіп педагог-психолог мамандығының дипломын алды мамандық бойынша жарты жыл жұмыс жасап, тұрмысқа шығып қазіргі таңда төрт ұлдың анасы, жеке кәсіпкер өз офисін ашып денсаулыққа қажет өнімдерді халыққа ұсынып пайдасын тигізіп жұмыс жасауда, жолдасы да жеке кәсіпкер шағын кәсібін ашып сол бойынша жұмыс істеп жатыр!! Ал Тұңғыштары мектепке оқып, кенжесі бала бақшасында білім алуда!!

Міне, осындай отбасында бақытты ғұмыр кешіп, ұрпақтары мен немерелерінің қызығына бөленіп отырған ардақты әке мен аяулы ананың шаңырақ көтергендеріне 50 жыл толып отыр. Бүгінгі басты кейіпкерлеріміз - Қожа Қазанұлы мен Күләй жеңгеймізді мерейлі мереке күндерімен құттықтаймыз!

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, «Тайынша таңы», тілші

Отбасылық өмір екі жастың басына көп міндеттер мен парыздар жүктейді. Әр адам соған дайын болғаннан кейін үйлену туралы шешімге келгені дұрыс.

Бернард Шоу

Отбасы тірлігіндегі ең мәнді тетік – махаббат.

Антон Чехов

Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіздің ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді.

Антон Макаренко

Отбасылық өмірде ірі зілзаладан аман қалу, ұсақ-түйек кикілжіңнен құтылудан әлдеқайда оңай.

Габриэль Гарсиа Маркес

Адамгершілігі жағынан мәдениетті адамдар, саналы еңбеккерлер кітапқа деген терең сүйіспеншілікке бөленген отбасылардан өсіп шығады.

Василий Сухомлинский

Елін сүйер сеніңіз, өз отбасын сүйе алған.

Қасым Аманжолов

Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамның ең басты шаттығы болып саналатын балалардың өсіп, өмір сүретін орны.

Антон Макаренко

Бақытты отбасылар бір-біріне ұқсас келеді. Ал әр бақытсыз шаңырақтың өзіне тән қиындықтары бар.

Лев Толстой

Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер.

Қасым Аманжолов

ЕЛОРДАНЫҢ САЛТАНАТТЫ МЕРЕКЕСІ

Қазақстанның қақ жүрегінде орналасқан Астана атты жас қала қазіргі уақытта ұлттың ілгерілеуі мен өміршеңдігінің айғағы болып табылады. Елорда күнінің осы айтулы оқиғасымен байланысты біз Астананы бүгінгідей серпінді және елеулі қалаға айналдырған қызықты тарихымен, бүгінгі күнде дамып келген әсерлі инфрақұрылымымен және бас қалаға тән сәулет ғажайыптарымен танысайық.

Астананың тарихы ғасырлар бойы қалыптасқан. Ежелгі заманнан бері қазіргі бас қала аймағында адам қоныстарының бар екендігі туралы дәлелдер бар. Алайда, қала маңызды елді мекенге 19 ғасырда ғана айнала бастады. Бастапқыда Ақмола деп аталған ол Ресей империясының солтүстік шекарасында шағын бекет-бекініс қызметін атқарды. Ақмола біртіндеп өсіп, іргелес аймақтың әкімшілік орталығына айналды.

Кеңес дәуірінде Ақмола қарқынды даму мен индустрияландыруды бастан өткерді. Ол үлкен Кеңес Одағының әртүрлі аймақтарын байланыстыратын маңызды теміржол торабына айналды. Сондай-ақ, қала ауыл шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылғанына куә болды, бұл оның Қазақстанда өсуіне және маңыздылығына ықпал етті.

Астана тарихындағы елеулі бетбұрыс 1997 жылы 10 желтоқсанында, Алматының орнына Қазақстанның жаңа астанасы болып жарияланғанда болды. Астананы көшіру туралы шешім орталықтандырылған әкімшілік орталық құру үшін және елдің солтүстік бөлігінде экономикалық дамуға ықпал ету үшін бағытталған. Осы мәлімдемемен қала қайта құрылу мен прогресстің ерекше жолына түсті.

Елорда мәртебесін алғаннан кейін Ақмола айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. 1998 жылы қала аты "Астана" болып өзгертілді. Астананың дамуы қала құрылысы саласындағы өршіл бастамаларға негізделген. Қазақстан Үкіметі әлемнің түкпір-түкпірінен танымал сәулетшілер мен қала құрылысшыларын өз тәжірибелерімен бөлісуге шақырды. Нәтижесінде Астананы көрнекі шедеврге айналдырған заманауи архитектуралық стильдер мен қазақи дәстүрдің әсерлі үйлесімі болып табылады.

Қаланың инфрақұрылымы тез дамып, тиімділік пен функционалдылықтың үлгісіне айналды. Транспорт желісі кеңейіп, өзінде заманауи әуежайды, жақсы байланысқан автомобиль жолдарын және тиімді қоғамдық көлік жүйесін қамтыды. Астананың инфрақұрылымы тұрақты дамуға басымдық береді: жасыл желектер, велосипед жолдары және жаяу жүргіншілерге ыңғайлы жолдар қалалық құрылымға біріктірілген.

Қаланың сәлетін айта кетсек, Астананың сәулет өнері еліміздегі ең ерекше сәулеттердің бірі болып табылады. Қала ішіндегі ғимараттарды салуда әлемнің ең кремет және мықты архитекторлары мен құрылысшылары қатысқан. Ғимараттардың әрқайсысы өзінің сыртқы түрімен және дизайнымен ғана емес сонымен қатар белгілі бір символикасымен де ерекшеленеді. Мысалы, биіктігі 97 метр Бәйтерек мұнарасы өмір ағашын бейнелейді және Астананың ең танымал рәміздерінің бірі болып табылады. Келушілер бақылау палубасына көтеріліп, қаланың керемет панорамалық көріністерін тамашалай алады.

"Хан Шатыр" ойын-сауық орталығы-шатыр түріндегі керемет ғимарат. Сауда орталығы, мәдени мекемелер, тіпті қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше тәжірибе ұсынатын жабық жағажай курортымен де жабдықталған.

Бейбітшілік және келісім сарайы-әртүрлі мәдениеттер мен діндер арасындағы үйлесімділікті насихаттау орталығы ретінде қызмет ететін пирамида тәрізді таңғажайып ғимарат. Оның ерекше дизайны мен мақсаты оны қаланың сәулеттік асыл тастарына айналдырады.

Басқа да көрнекті орындарға "Астана Опера" театры, әлемдік деңгейдегі спектакльдер өткізілетін керемет ғимарат және спорттық іс-шаралар мен концерттер өткізуге арналған заманауи стадион "Астана Арена" кіреді.

Астана өзінің инфрақұрылымы мен сәулеттік әсемдігінен басқа, Қазақстанның астанасы ретінде зор маңызға ие. Ол ұлттың саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретінде қызмет етеді. Мұнда Қазақстанның мемлекеттік мекемелері, шетелдік елшіліктер мен трансұлттық корпорациялар орналасқан, бұл Қаланың ұлттық және халықаралық істеріндегі даңқын айқындайды. Астананың мұражайларымен, театрларымен және көркем галереяларымен жарқын мәдени өмірі ұлттық бай мұрасы мен көркемдік талантын көрсетеді.

Қорфтындылай келе Елорда күнін атап өтіп, Бас қаламызды керемет жетістіктерімен және қайта құрылуымен құттықтаймыз. Қаланың қарапайым бастаулардан керемет Астанаға дейінгі жолы оның тұрғындарының табандылығының, еңбекқорлығы және адалдығының дәлелі болып табылады. Астана-прогресстің, бірліктің және Қазақстанның гүлденген болашақты құруға деген шешімінің символы болып, күннен күнге жайнай берсін!

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші

АНА – ӨМІРІМІЗДІҢ МӘНІ, СӘНІ

Ана - бір отбасының ғана емес, бір рулы елдің, қала берді, бүтін бір ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін ұлы тұлға. Ол – қай қоғамның болсын, басты құретамыры. Ананың аялы алақанының жылуы арқылы біз мейірім мен шапағатқа бөленеміз. Ол – аналық махаббаты мен ана сүті арқылы ұлттың асыл қасиетін де, ата-баба өсиетін де, асыл діні мен ана тілін де, салты мен ділін де ұрпақ бойына дарытатын жан.

Ана дегенде толқымайтын жүрек, толғанбайтын жан жоқ шығар, себебі Ана – әрбір адамның жарық дүние сыйлаушысы, ақ сүтін беріп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Біздің анамыз да үнемі жығылсақ тұрғызып, жыласақ жұбатқан жан, әрі үлкен армандарға жетелеп, жылы жүрегімен үміт отын сыйлап отырушы еді. Жүзінен мейірім нұры төгіліп: «Құлыным, ботақаным, шырағым, күнім!» деп мың толғанып, емірене иіскеп, шашымыздан сипап, аялаушы еді. Анамыз біздің қолдаушымыз, ақылшымыз, сырласымыз болды. Анашым! Асыл бейнеңізді, нәзік үніңізді, жұмсақ алақаныңызды енді көріп, естіп, сезе алмайтынымызды ойласақ, өзегіміз өртенеді. Қанша жасқа келсең де анаң қасыңда болмағаны оңай емес екен...Анамыз өмірден ерте өтті, біз балалары әлі жас болатынбыз. Анамызға деген сағыныш есейіген шағымызда күннен - күнге артып барады. Ананың құшағына жетер ештеңе жоқ екенін жаңа сезініп, анамызды сағына еске аламыз. Оның құшағы – ең жылы, ең мейірімді ыстық ұя болды біздерге. Жан анашым! Бүгінде біз өмірде өз орнымызды тауып, еңбектеніп жүргеніміз де ардақты әкеміз бен сіздің бізге берген тәрбиелеріңіз бен үлгі-өнегелеріңіздің арқасы деп білеміз. Сіздер бізге әрдайым қиындықтарға төтеп беруге, жақсылыққа ұмтылуға, жамандықтан аулақ болуға үйреттіңіздер. Осы үшін біз сіздерге қанша алғыс айтсақ да артық болмас, сірә! Ардақты анам! Сіз бізге өмірде барға қанағат етуді үйреттіңіз. Сіз біздің қателіктерімізді кешіре білдіңіз, еркелігімізді көтере білдіңіз. Аяулы анам, біздің сізден алғанымыз көп. Сізге қарап бой түзедік. Бізге айтқан әрбір сөзіңіз, үмітпен қараған көздеріңіз бізді алға жетелеп келе жатқандай еді. Анашым! Сіз біз үшін әлемдегі ең ұлы тұлғасыз. Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздеген аяулы да ардақты Анамыз жанашыр, нәзік, әділ адам болды. Сіздің шыдамдылығыңызға, ержүректілігіңізге, еңбекқорлығыңызға таң қалмау мүмкін емес еді. Сіздің бізге деген махаббатыңыз, аналық жүрегіңіз мөлдір, нәзік, шынайы болушы еді. Сіздің қадіріңізді енді түсініп, сеніміңізді ақтай алдық па екен, анашым, деп көп ойланамыз. Перзенттік махаббатымызды, ең ізгі де ыстық сезімімізді білдіре алдық па екен, анашым? Мына өмірде біз жас болдық, сізге лайықты құрмет көрсете алдық па екен, анашым? Шіркін, уақытты аз ғана кері шегіндірсе ғой, анамыздың құшағына еніп, мауқымызды басып, сезімімізді ақтарып, ерік берер едік... Оны қалай жақсы көретінімізді, анасыз өмір сүрген аз күнде қалай сағынғанымызды, орны ойсырап, көңіліміз құлазып қалғанын, анасыз өмірдің мәні де, сәні де жоқ екенін айтар едік, мойындар едік. Әттең !!! Біздің отбасының шамшырағы, ерінің асыл жары, балаларының өмірлік панасы, ақылшысы болған аяулы анамыз - **ЗИЯ ЕСҚАҚҚЫЗЫ** бұрынғы Чкалов ауданына қараған Қарағаш ауылында 8 наурыз 1941 жылы дүниеге келген. Әкесі Ұлы Отан соғысының ардагері, қан майданда жаумен арпалысып, ақыры майдан даласынан оралмады. Анасы Зейнеп Қапарқызы болса, 3 баласын қатарынан қалдырмай өзі өсіреді. Біздің анамыз ол кісілердің кенже қызы болатын. Әкеміз Орынбай екеуі 1959 жылы маусымның 15 жұлдызында отау құрып, отбасында алты бала тәрбиелеп өсірді. Алғашқыда Ортақ ауылында, кейін жұмыс бабымен 1976 жылы Теңдік ауылына көшіп келді. Біздің балалық дәурен, жастық шағымыз осы Теңдік ауылында өтті. Анамыз Зия Есқаққызы көпшіл болатын. Әрқашан анам дастархан жайып, біздің үйде үнемі көп қонақтар келіп кетіп жататыны әлі көз алдымызда.

1983 жыл. Біздің отбасына қайғы-қасірет келді. Осы жылы шілденің 13 жұлдызында небары 42 жасында анамыз кенеттен өмірден озды. Артында елі, туған-туыс, бауырлары,қайғыға бұлығып, жылап отбасы қала бердік. Ата-анамыз бізді адами мейірімділікке, қайырымдылыққа, адал болуға, басқа адамдарға жанашырлық танытуға үйретіп, тәрбиеледі. Ана – өміріміздің мәні, сәні. Ал, жалғыз дүниенің екінші рет қайтып келмейтінін, біреудің бірнешеу болмайтынын түсінсеңіз, ата-анаңызға жақсылық жасаңыз. Көз жасын күлкіге, мұңын қуанышқа, жабырқаса жұбатып, сағынса қасынан табылыңыз. Анаға деген көңіл, ма-



хаббат, сағыныш жас талғамайды-ау, сірә! Иә, ананың мейірімін, нұрлы жүзін, алақандарының ыстық табын, балаларына деген қамқорлығын, санасында саңылауы бар жан ұмыта ала ма? Әттең, оны кеш түсінетініміз өкінішті. Анамызды аңсап, елжіреп сағынамыз, әрдайым көңіліміздің төрінде тұрады, бас иіп тағзым етеміз. Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Алды пейіш, арты кеніш болсын деп дұға тілейміз. Анажан, шаңыраққа болдың пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда. Сағындық, ана, сізді баршамыз да. Жан-Ана, ұл-қызыңның тірегі едің. Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің. Болмасаң да бүгін біздің жанымыз да. Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Еске алам, тербеліп ой-санам, Еске алам бейнеңді, дауысыңды

Перзенттік махаббат жүректе сақтағам, Ардақты, аяулы Анашым!

Мәпелеп, аялап баласың, Бесікте тербетіп ұйықтамай Ән айтып уатып, елжірей қараған Ардақты, аяулы Анашым.

Мейірімің төгіліп, нұр-сәуле шашқаның Артымнан қол бұлғап кеткенде

Тіледің бақытын өмірлік жолдардың, Ардақты, аяулы Анашым!

Пана едің санасы тыныстап тұратын, Өзіңнің барында білмеуші едік

Өкініш, реніштің өмірде боларын, Сен едің бойыма күшқуат құятын

Жүрекке жылулық, санама шамшырақ жағатын, Перзенттік парызым өтелмес

Бұл жалған өмірде жетпейсіз бағаңа, Қолдайсың әлі де рухыңмен

Мен сезем, мен білем демеуші екенін Мәңгі өмір рас болса тілейміз

Анашым, Жұмақтың төрінен болса екен мәңгілік тұрағың.

Анамыздың артында қалған ұрпақтарының атынан: ұлы Беркінбай.

АНАШЫМ МЕНІҢ

Ақберен Елгезек.

Мен сені Тәңірден сұрадым, Ана,
Осы арудың құрсағына бітемін деп.
Мен сен үшін талай жыладым, Ана,
Ақынның анасы боп өтеді деп.

Мен сені жұбата алмаймын, Ана,
Арайлы бір таңың атады деп.
Мен бұл өмірді ұната алмаймын, Ана,
Қабырғама бар мұңы батады кеп.

Мен өмірді сонда да сүйіппін, Ана,
Сыздайды тек іште, жарам ғана.
Мен бар мұңнан биікпін, Ана,
Мен үшін алаңдама!

Бұл өмірде қай ақын жарыған, Ана?
Жүрген соң тағдырдың өтінде көп.
Бар болмысым өзіңнен дарыған, Ана,
Сен ғарышты туғаныңа өкінбе тек.

Сен мені қазаққа сыйладың, Ана,
Ғажаптардан қағылсаң да.

Мен сені азапқа қимадым, мама,
Қанша жыл сағынсам да.

Әйтпесе, білсең ғой, жаным, мама,
Ішім менің – шексіз әлем.
Бұл менің сорым әрі бағым, мама,
Жанарымдағы өксік өлең.

Ішім менің гүлдерге толы ғой, мама,
Нұрға да толы жүрегім ақ.
Біздің тағдыр – азап жолы ғой, мама,
Әйтеуір тілегім ақ.

Әкем – Тәңір, өзің – Ұмайсың, мама,
Ал, мен – Құдайдың баласымын.
Сен бәрібір маған ұнайсың, мама,
Көзімдегі қарашығым..!

• ҚОҒАМ

«АБЫЛАЙ ХАННАН АБЫЗ ТОНЫКӨККЕ ДЕЙІН»



Бүгін Шучье-Бурабай курортты аймағындағы Абылай хан алаңынан Ақмола облыстық әкімдігі және «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қолдауымен осылай аталатын халықаралық мәдени-рухани экспедиция жолға шығады. 2023 жылдың 4-20 шілде аралығында өтетін халықаралық автокеруен Мысыр елін билеген мәмлүктердің қолбасшысы, қыпшақ даласының ұлы перзенті Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына, қазақтың ұлы хандарының бірі, мемлекет қайраткері, дипломат және қолбасшы Абылай ханның 310 жылдығына, Алаш қайраткері, қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналып отыр. Сапар барысында экспедиция мүшелері «Отандастар қоры» өткізетін Моңғолия қазақтарының кіші құрылтайы ауқымындағы іс-шараларға да қатысады. Экспедицияның ақпараттық қолдаушылары «Qazcontent» АҚ, «Хабар-24» телеарнасы және Qazaqstan tarіhu интернет-жобасы.

«Абылай ханнан абыз Тоныкөкке дейін» халықаралық мәдени-рухани экспедициясы мүшелерінің құрамында Астана, Ақтау, Көкшетау қалалары мен Маңғыстау, Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының ғалымдары, кәсіпкер Раббим Борашов пен Айзада Борашева, маңғыстаулық өлкетанушы Мүнира Исмағанбетова, қоғам белсендісі, ақтаулық кәсіпкер Талғат Джакиев, Шығыс Қазақстан облысынан Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт маманы, ұлттық спорттан халықаралық төреші Маулетқазы Күлджатаев, Астана қаласынан «Хабар24» телеарнасының бөлім басшысы, журналист Дулат Жексенбайұлы мен «Хабар24» телеарнасының операторы Советхан Жагиев, Талдықорған қаласынан Кандидат Рустемұлы, Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Сырымбет өңірінен кәсіпкер Амангелді Нашарбеков пен музей қызметкері Алма Нашарбекова, түркістандық тарихшы Құралай Амантайқызы, ақмолалық дәстүрлі әнші Дәулетхан Мұхтархан, ақтаулық саяхатшы Ерген Сыражанов, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Халықаралық қатынастар және туризм» кафедрасының меңгерушісі Эльвира Жанғожаева және тағы басқалары бар.

Тағылымы мол танымды іс-шараның басты мақсаты – Қазақстан, Ресей Федерациясы және Моңғолия мемлекеттері арасын байланыстыратын экспедиция жасау арқылы, жоғарыдағы мемлекеттерде тұратын халықтардың біртұтас мәдениетін насихаттау, көшпелілер өркениетінің мұрасы мен сол елдердегі тарихи жәдігерлермен танысу, қазіргі дәуірдегі қазақ-орыс, қазақ-моңғол халықтарының өзара достық, бауырластық байланыстарының тарихи негіздерін дәріптеу болып табылады. Ресей Федерациясы мен Моңғолия Республикасында тұратын этникалық қазақтармен рухани байланыс орнату, пікір алмасу, Қазақстан халқының тарихи-мәдени және рухани мұраларын насихаттау назарда болмақ. Сондай-ақ, қазақ даласынан шыққан тарихи тұлғаларды дәріптеп, олардың қайраткерлік, елдік істерін насихаттауда сапардың басты мақсаттарының бірі.

Сапар Қазақстан, Ресей және Моңғолия аумағындағы шамамен 9 000 шақырым жерді қамтитын болады. Көкшетау (Бурабай) – Астана – Павлодар – Бийск – Горно-Алтайск – Кошағаш – Баян-Улгий – Ховд – Баянхонгор – Хархорин – Номғон – Уланбатор – Налайхан – Улан-Удэ – Иркутск – Красноярск – Новосибир – Омбы – Көкшетау бағыты бойынша барады.

Бұл халықаралық экспедиция елімізде тұңғыш рет өткен «Абылай ханның қара жолы» экспедициясының жалғасы. Авто керуен «Абылай ханның қара жолын жаңарту» (2018), «Бетпақдала. Абылай ханның қара жолы» (2020), «Абылай ханның жорық жолдары, Ұлы Даланың ұлы тұлғалары» (2021) тақырыптарымен еліміздің оңтүстік, шығыс өңірлерінде Мемлекет тарихи институтымен бірлесіп отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедицияға Ақмола облысы әкімдігі қолдау білдіріп, «Бабалар рухына тағзым» қоғамдық қоры демеушілік жасады. Биыл сол экспедициямыз халықаралық масштабта сапарға аттанып, қазақ даласынан шыққан тарихи тұлғаларымыз Сұлтан Бейбарыс, Абылай хан, Мағжан Жұмабаев және тағы басқа қайраткерлерді дәріптеуді мақсат етіп отыр. Үш жүздің басын қосқан Абылай бабамыздың ел мен жерді сақтап қалуы зор еңбегін паш етіп, оның халықаралық істердегі беделін насихаттауды көздейді. Шынында, Абылай хан өз заманында көршілес Ресеймен ғана емес, оңтүстігі мен шығысында жатқан Бұқар хандығы мен Шың империясымен де жақсы қарым-қатынаста болған. Сондықтан да, үш мемлекетті қамтитын экспедиция жасау арқылы Қазақстан, Ресей Федерациясы және Моңғолияда тұратын халықтардың біртұтас мәдениетін насихаттау, көшпелілер өркениетінің мұрасымен танысу, қазақ-орыс, қазақ-моңғол халықтарының өзара достық, бауырластық байланыстарының тарихи негіздерін дәріптеу біздің басты мақсатымыз болып табылады.

Экспедиция қатысушыларының сапары Ақмола облысының тарихи жерлері Бурабайдағы Абылай хан алаңы, «Ботай» археологиялық кешені мен «Бозоқ» тарихи-мәдени ескерткішінен бастау алды. Мұнан кейін экспедиция Павлодар облысында болып, «Абылай ханнан абыз Тоныкөкке дейін» атты дөңгелек үстел ұйымдастырып, жергілікті тарихшы ғалымдар, өлкетанушылармен кездесу өткізбекші.

Ресей Федерациясындағы қазақтар көп қоныстанған Қошағаш, Новосибир, Омбы шаһарларында болып, қазақ диаспораларымен кездеседі. Аталған қалалардың тарихи орындарына саяхат жасайды. Сондай-ақ, Моңғолиядағы Баян-Улгий, ел астанасы Уланбатор қалаларындағы қазақтармен кездесу ұйымдастырып, ұлы түркі мемлекетінің тарихи ескерткіштері білге қаған, Құлтық қаған, Күлтегін, Тоныкөк кешендеріне баруды жоспарлап отыр. Одан әрі экспедиция қатысушылары Алтай мен Саян тауларындағы сақ-ғұн, көне түрік кезеңдеріндегі тарихи ескерткіштер мен тарихи орындарға саяхат жасайды. Жоспар бойынша автокеруен 20 шілдеде Көкшетау қаласында аяқталады.

Экспедиция барысында Уланбатор қаласында Тілейхан Орынұлы атындағы құрылыс университетінде «Абылай ханнан абыз Тоныкөкке дейін» халықаралық конференция өткізіледі. Жоба соңында экспедиция туралы деректі фильм және кітап дайындалады.

Мұрат ЫДЫРЫСҰЛЫ,
«Абылай ханнан абыз Тоныкөкке дейін» халықаралық мәдени-рухани экспедициясының жетекшісі, қоғам қайраткері.

ТУҒАН ТІЛДІҢ ЖАРШЫСЫ

Нұралина Гүл Жамашқызы 17 жыл «Тайынша таңы» аудандық қоғамдық саяси газетіне басшылық жасап келеді. Туған тілдің, мемлекеттік тілдің жаршысы ретіндегі негізгі өзекті мәселе – қазақ тілінің тағдыры екенін толық сезінеді. Мемлекеттік тілдің жоғары деңгейде дамып, өркендеуіне жол салушы да осы басылым.

Ана тіліміздің бар бояуымен, сырлы сазымен сақталып қалуы Ұлы Мағжан, Сәбиттердің ұлы бастауы десек, бүгінгі таңда сол бастаманы жалғастыруда ерен еңбек атқарып жүрген журналистердің бірі, бірі емес бірегейі – Гүл Жамашқызы. «Тайынша таңы» газеті аудан көлеміндегі қазақ бауырларымыздың жасы мен еңкейген кәрісінің мәңгілік жанашыры болып қалатынына күмәнім жоқ. Соңғы 17 жыл қазақ тілінде шыққан газеттің бір белесі дер едім. Гүл Жамашқызының газетке деген жанашырлығы, мақалаларының стилі, мазмұны мен көтерілген тақырыптары, мақаладағы кейіпкерлерді сомдауы, мақаланың ең негізгі түйіні – журналистің шығармашылықтағы жарық жұлдызы. Өңіріміздің айнасы «Тайынша таңы» газеті нағыз ұлт жанашырының басшылығында. Газеттің әр санында салмақты мәселелер көтеріліп мазмұнды мақалалар жарық көруде. Өңіріміздегі халықтар арасындағы ынтымақ-бірлік, жастар мәселесі мен ауданның әлеуметтік жағдайы, Еңбек адамы мен Еңбек ардагерлері – қариялар газеттің негізгі тақырыбына айналып отыр. Газеттің таралымы да басшының назарынан тыс қалған емес. Әсіресе ауылдық жерлерге арнайы барып, газет оқырмандарымен тікелей жүздесіп, сұхбаттасу да күнделікті жұмыста әдетке айналған. Газеттің, газет басшысы, журналистің өсіп-өніп, өркендеуі осылай болды десек те, оның жұлдызды сәті әлі алда. Ауданымызда алғаш рет қазақ тілінде жарық көрген газеттің келешегі зор болады деп үміттенеміз.

Ақпарат айдынында Гүл Жамашқызының құлашты кең сермеген аққу ғұмыры жалғаса берсін. Ол жоғары марапатқа лайық жан. «Тайынша таңы» газетінің барша ұжымы! Кәсіби мерекелеріңіз, бұқаралық ақпарат күні, журналистер күні құтты болсын!

Сәлік Жұматтегі,
ақын, журналистер одағының мүшесі.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!!!



Сіздерді көп жылдық тарихы бар «Тайынша агробизнес колледжі» КММ оқуға шақырамыз.

Негізгі мектеп негізінде (9 сынып):

10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»

Біліктілігі:

3W10130301 «Кондитер-ресімдеуші»

3W10130302 «Аспаз»

07161600 «Ауыл шаруашылығын

механикаландыру»

Біліктілігі:

3W07161601 «Слесарь-жөндеуші»

3W07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің

тракторшы-машинисі»

11 сынып негізінде

10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»

Біліктілігі:

3W10130302 «Аспаз»

Құжаттарды қабылдау 2023 жылдың

20 маусымынан басталады

Біздің мекен - жайымыз: СҚО, Тайынша қ.,

Қазақстан Конституциясы к-сі, 261

тел.: 8(715-36)23090

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 224. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.